Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№ 1

Жалпы педагогтар: 13
Қатысқандары: 10 28.08.2020 жыл

Күн тәртібіндегі қалалатын мәселелер

1. 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарымен танысып бекіту.
2. Жаңа оқу жылына топтардың дайындық барысы.
3. Үлгілік оқу жаспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен, перспективтік жоспарды, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау бекіту.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова сөз алып, балабақшаның педагог қызметкелерін жаңа оқу жылымен құттықтап жақсы тілегін айтты.

2020-2021 оқу жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады.

Оқу жылына 5 педагогикалық кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқу жылы барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланды. 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарын балабақша меңгерушісі, әдіскері біріге отырып құрды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша меңгеруші М.Калиаскарова, балабақшада бұрынғысынша 4 топ жұмыс жасайтынын, яғни "Аяна" мектепалды даярлық топ, «Балдырған» ересек тобы, "Айару" және "Балапан" ортаңғы топтар. Тәрбиешілер И.Кудреттуллаева, Ф.Алдангарова, А.Мадалиева, А.Кәрібай, Ф.Қашқынбек, Ф.Шінәділ, Х.Абуталип бекітіліп, топтар оқу жылына дайын екендігін мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Р.Кулманова сөз алып, әр жас топтарына байланысты сабақ кестесін құрып бекітілгенін айтты. Ұйымдастырылған оқу қызметін жас ерекшеліктеріне байланысты өз уақыттары болатынын сол уақыт бойынша сабақ өтетінін түсіндірді, мысалы «Аяна» мектеалды даярлық тобының оқу қызметінің жалпы көлемі 20 сағат, оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут, «Балдырған» ересектер тобының оқу қызметінің жалпы көлемі 17 сағат, оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут, «Айару» және «Балапан» ортаңғы тобының оқу

қызметінің жалпы көлемі 12 сағат, оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минутты құрайды.

Сондай-ақ, 2020-2021 оқу жылының перспективтік жоспары мен қыркүйек айының циклограммасымен таныстырылып, бекітілді.

Сонымен қатар, әр топта жас ерекшеліктеріне байланысты балабақша медбикесімен бірге санитарлық эпидемологиялық талаптарға сай етіп құрылған күн тәртібімен таныстырып, сол күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізу керек екендерін түсіндірді, оқу қызметін өткізу, серуенге шығару, түрлі ойындар ойнату, түскі ас беру, ұйқыға жатқызу сияқты әрекеттерімен таныстырды.

Шешім:

1. 2020-2021 оқу жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: **М.Калиаскарова**

Хатшы: **Ф.Алдангарова**

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№2

Жалпы педагогтар: 13
Қатысқандары: 8 03.11.2020 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Денсаулық мықты болғанға не жетсін! (Салауатты өмір салтының маңызы туралы баяндама).
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау.

Тыңдалды: №1 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
Сөйледі: Әдіскер Р.Кулманова мемлекеттік стандарт талаптарына сай топтарда бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтері жүргізіліп жатыр. Педагогтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беруде. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспарлары бекітіліп, циклограмма жазылуда. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітіліп, педагогтармен жұмыстар жүргізілуде. Өзіндік білім көтеру тақырыптары алынып, жоспары жасалынды.

Бастапқы индикатор бойынша ортаңғы топтың орта және жоғарғы деңгей көрсеткіші 64%, ал ересек тобы бойынша 88% құрады.

Қарттар күніне орай, «Атам-әжем байлығым» атты сурет байқауы өтіп, балалар белсенді қатысты.

2.Тыңдалды: Денсаулық мықты болғанға не жетсін! (Салауатты өмір салтының маңызы туралы баяндама).

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Р.Медетбекова "Денсаулық мықты болғанға не жетсін!" атты баяндамасын оқып шықты.

Дене тәрбиесі – адамның дене мүшелерін шынықтырып, бала психикасының дамуына әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімнің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған көп қырлы педогогикалық процесс. Дене тәрбиесінде қажетті жағдайлар: балалардың күтімі мен өсіуіне қолайлы мәдени – гигиеналық жағдай жасау, дұрыс жасалған күн тәртібі, тамақтандыру, дененің тазалығы, баланың жасына және ауа райына жылы-жайлы киіну, гимнастика және қимылды ойындар ойнату, ұйқысын ұйымдастыру, серуенге шығу, күнді, ауаны, суды тиімді пайдалану. Шынықтыру құралдары: ауа, су, күн. Күнделікті өмірде тәрбиеші бұларды сауықтыратын процедура түрінде, ауа және күн ваннасын, шомылу, сулы шүберекпен ысқылану, үстіне суық су құйыну түрінде пайдаланады.

3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау.

Әдіскер Р.Кулманова тәрбиешілерге ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өту тәсілін қысқаша түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, әр тәрбиешіге 1 жылда 2 ашық ұйымдастырлыған оқу қызметін өту керек екенін айтып, жеке-жеке тақырып берілді.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.
2. Тәрбиеленушілерге гигеналық талаптарды үйретіп, балабақшада салауатты өмір салты сақталсын.
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы мен мезгілі белгіленіп, бекітілсін.

Жиналыс төрайымы: **М.Калиаскарова**

Хатшы: **Ф.Алдангарова**

Педагогикалық кеңес отырысы

Хаттама № 3

Арыс қаласы **21.01.2021 жыл**
Қатысқандар: 19

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Баланың білім деңгейі (бес білім беру саласы бойынша индикатор қорытындысы).
3. Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Р.Кулманова сөз алып, тәрбиешілер балаларға күнделікті гигеналық ережелерін айтып жүргенін және әр топта қол жуу ережері ілінгенін айтып өтті. Салауатты өмір салты жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін ата-аналар жиналысын жасап түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өту бойынша тәрбиешілерге мерзімі бекітілді. "Балапан" ортаңғы тобының тәрбиешісі Х.Абуталип "Ақ ұлпа қар", "Айару" ортаңғы тобының тәрбиешісі Ф.Қашқынбек "Ғажайып математика" атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтіп, педагогтар арасында сабаққа талдау жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші И.Кудреттуллаева сөз алып, балалардың білім деңгейі жайлы айтты. «Аяна» мектепалды даярлық тобы бастапқы мониторинг бойынша 82%, ал аралық мониторингте 7% көтерілген. Демек орта және жоғары деңгейлі балалар 89% құрады. "Балдырған" ересек тобы бастапқы мониторинг бойынша 88% көрсеткен болатын, ал аралық мониторингте бұл көрсеткіш 6%-ға төмендеп отыр, демек орта және жоғары деңгейлі балалар 72% құрады.

"Айару" мен "Балапан" ортаңғы тобында бастапқы мониторинг 64%, ал аралық мониторинг 56%-ға төмендеген.

Алдағы уақытта баланың орта және жоғары деңгейін көтеру үшін, баламен жұмыс жүргізуді жоғары деңгейде ұйымдастыратындарын айтты.

Үшінші мәселе бойынша "Айару" тобының тәрбиешісі Ф.Қашқынбек 2020 -2021 оқу жылының тәрбие жұмысы туралы жарты жылдық талдамалық есебі тыңдалды.

"Айару" ортаңғы тобы, балалардың жалпы саны- 25, оның ішінде ұлдар – 14, қыздар – 11, жас ерекшілігі – 3-4 жас. Барлық балалар балабақшаға жақсы бейімделген.

Сапалы тәрбие жұмыс өткізу үшін әртүрлі әдістер қолдандым:

1.Ойын.

2.Үлкендерден үлгі алу.
3.Табиғат объектілері.
4.Заттық әлемі.
Жұмыс түрлері:
1.Ата-анамен жұмыс.
2.Балалардың өзіндік еңбегі.
3.Баламен тәрбиешінің қарым қатынасы.

Оқу жылында балалардын денсаулығын сактау және нығайту үшін әртүрлі жағдайлар жасалды. Балаларды жеңіл киіммен жүруді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша, дене шынықтыру жаттығуларына, қимылды ойындарға қызығушылық көрсетуге үйренді. Күнде 8-10 минут көлемінде таңертенгілік гимнастика өткізілді. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді. Барлық тәрбиенушілер қол жууды, әсіресе ас алдында, серуеннен келгенде, өзінін жеке сүлгісімен сүртінуды біледі. Жеке заттарымен - тарақ, жеке орамалмен қолдануды үйренді. Дастархан басында сөйлемеуді меңгерді. Киімдерді дурыс шешіп және оны ретімен орындық басына жинап қоюды, көмексіз киінуды үйренді. Айналамен таныстыру жұмысы жүйелі жүргізілді. Біз қоршаған ортанын жақын нысандарымен балаларды таныстырдық. Әлеуметтік өмірдің құбылыстарымен, үлкендердін еңбегі туралы мағлумат бердік. Көп көңіл балалардың табиғат біліміне аударылды. Құстар, үй жануарлар, жабайы аңдарды ажырата біледі. Біз табиғи құбылыстар – жапырақ түсу, қар жауу, гүлдер, талдар түрлерін т.б табиғат тамашаларын бақылауды үйреттік.

Қазір балалар амандасу, қоштасуды, сұрану деген сөздерді жақсы біледі. Әр түрлі сұрақтарға жауап береді.

Жыл барысында топта мерекелер аталып өтті. Қазан айында топта "Алтын күз" мерекелік ертеңгілік өтті. Балалар белсене қатысып, мерекеміз ойдағыдай болды. Жеміс – жидек, көкөністерден әртүрлі мүсіндер жасалды.

Жаңа жыл ертеңгілігі шағын түрде топта өткізілді.

Сонымен қатар, баланың даму деңгейі бойынша бастапқы мониторинг нәтижесі "Күншуақ" тобында 84% құрады.

Жарты жылдықта 2 рет ата аналармен жиналыс өткізілді. Жиналыста ағымдағы мәселелер талқыланды. Ата аналар комитеті сайланды. Балаларға қатысты кеңестер берілді. Төлемақы туралы ескерту айтылды.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.
2. Баланың білім деңгейін көтеру үшін жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
3. Тәрбиеші жұмысы жандандырылсын, жыл соңында қорытынды есеп берілсін.

Әдістемелік кеңестің төрайымы: **Р.Кулманова**
Хатшы: **Ф.Алдангарова**

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№ 4 хаттамасы

Қатысқаны: барлық педагогтар

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңеске дайындық. 2020-2021 оқу жылының қортындысы.

2. Санитарлық ережелердің сақталуы. Балалардың қатысымы мен аурушаңдығы.

Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер Тукешова Улболсин Абилтаевна алып, 2020-2021 оқу жылында жүргізілген жұмыстарды жинақтап қортындысына қысқаша тоқталып өтті. Биылғы оқу жылына екі міндетті қарастырып алдық.

1. Мектеп жасыңа дейінгі балалардың денсаулық құзіреттілігін сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2. Мектеп жасына дейінгі балаларға сенсорлық тәрбие беріп, қарапайым танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Оқу жылынан бастап кезекші топтармен жұмысты жылдық жоспарға сүйене отырып жүргіздік. Жоспарда қарастырылған барлық іс-шара барлық мәселелер толық қамтылды, тек эксперимент жұмысының соңғы қортындысы облыстық семинарда қарастырылып үлгерілмеді. Оған себеп оқу жылының аяғына қарай жұмыстардың көбеюіне байланысты артқа ысырылып жаз мерзіміне белгіленді. Оқу процесінде Мемлекеттік жалпығы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес ұйымдастырылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік бағдарламасы, Мария Монтессоридің әдістері, триз әдістері, ұлттық этнопедагогика элементтері, «Асық терепиясы», денсаулық сақтау технологиясының түрлері қолданылды. Педагогтарға педагогикалық әдеп пен педагог мәртебесі туралы заңнан түсінік хат берілді. Жалпы қызметкерлерге «Ішкі еңбек тәртібі», маусымдық нұсқаулықтар уақытылы беріліп отырды.
Мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, семинар-практикумдар, ақыл кеңестер, спорттық мерекелер, денсаулық күндері, әдістемелік отырыстар межелі уақыттарында өтті. Төтенше жағдайларға байланысты жүргізілетін іс-шаралар аудандық өртке қарсы қызметінің қызметкерлерін шақырып өткіздік.

4 топта 8 тәрбиеші және жұмыс істеді. Соның ішінде:
Жоғары санат- 0 педагог
I санат -0

II санат -7 педагог
Санатсыз-1
Жоғары білім -11

Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту мақсатында «Сенсорика әлеміне саяхат» деп сенсорика бұрышын жасақтадық.

Балабақшаның жас мамандарының арасында «Үйренейік ізденейік жас маман» тақырыбында байқау ұйымдастырылды.

Балабақшаның жалпы жетістіктері: Балалар:100 Педагогтар:11

Қазақ елінің Тәуелсіздігіне аттай 30 жыл толып отыр. Осы аралықта біздің еліміз кемелдену жолында өсіп аяғынан нық тұрды. Мерекенің мәнін ұғынып, игілікті істермен айналысуымыз керек. Құр даңғазамен ысырапшылдыққа жол бермей білім ғылым, экономика, әлеуметтік саланы қолға алу керек. Мерейтой аясында атқарылатын іс-шаралардың дені жастарға арналуы керек деді президентіміз. Осы орайда біздің балабақшамыз да өз жұмысында осы бағытты қолға алып 30 іс-шараның жоспарын құрылды. Алғашқысы өлкетану бұрышы жасақталып ашылды. «Өнерліге өріс кең» тақырыбында өлкетану бұрышын педагогтардың жұмыла кірісуімен жасақтап алдық. Одан әрі биылғы жыл елімізде «Балалар әдебиеті» жылы болып белгіленді. «Балалар әдебиеті» жылы аясында ұлы тұлғаларды насихаттау мақсатында «Балалар әдебиетінің алыптары» тақырыбында педагогтар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Баршаңызға мың алғыс» алғыс айту күніне адам өмірінің ажырамас бір бөлігі ризашылықпен өмір сүру болғандықтан, бұл күнді де ерекше өткіздік. М.Мақатаевтың шығармаларынан «Жыр алыбы Мұқағали» тақырыбында жыр мүшайрасы педагогтар арасында сәтті ұйымдастырылды. «Балабақша жағдайындағы экологиялық тәрбие негіздері» іскерлік ойын педагогтармен өтті. Биылғы жыл экологиялық білім беру мен экологиялық мәдениетке тәрбиелеу жылы болғандықтан іштегі «Тірі табиғат мүйісі» толықтырылып ашылды. Мамыр айының 21 жұлдызында жалпы қызметкерлер мен ата-аналар арасында «Гүлге оранған-балабақшам» тақырыбында балабақша ауласына гүлдер егіп, сырлау тазалау жұмыстарына акция ұйымдастырдық, ата аналар қолдап өз үлестерін қосты.

мақсатында «Балалар әдебиетінің алыптары» тақырыбында педагогтар

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша:

Денсаулық сақтау бойынша

I денгей-**0,6%**
II денгей-**21,5%**
III денгей - ***78,3%***

Қатынас бойынша

I-денгей-***0,6%***

II денгей-*22,4%*

III денгей *-76,9%*

Таным бойынша

I-денгей-*0,6%*

III денгей *-24,1%*

III денгей- *74,3%*

Шығармашылық бойынша

I-денгей-*0,6%*

II денгей *-22,1%*

III денгей- *77,3%*

Әлеумет бойынша

I-денгей-*0%*

III денгей – *21,0%*

III денгей- *79,3%*

2.Медбике Ырыс Медетбекова

Қаулы етеді:

1. Балалардың білім көрсеткіші аралық индикаторының көрсеткішін одан әрі көтеру мақсатында жұмыстанып, сол бағыттағы жасалып жатырған жұмыстар нығайтылсын.

Жауапты: әдіскер

Бақылаушы: меңеруші

2. Гигиена және санитарияны сақтау жөніндегі нұсқамаға сай дезинфекциялау, тазалау шаралары күнделікті, нормаға сай жүргізілсін және қадағалансын.

Жауапты: медбике

Бақылаушы: меңеруші

Төрайым: Калиаскарова

Хатшы: Алдангарова

Бес білім беру салаларды біріктіруді қамтамасыз етеді:

Педагогикалық кеңес отырысы

Хаттама №5

Арыс қаласы
Қатысқандар: 10

31.05.2021 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1	2020-2021 оқу жылындағы жасалған оқу тәрбие жұмыстарына есеп беру	Р.Кулманова Әдіскер
2	Балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі, индикатор нәтижесі	Р.Кулманова Әдіскер
3	Жазғы сауықтару жұмысының іс-шараларын өткізу және бекіту	М.Калиаскарова меңгерушінің м.у.а

1.Тыңдалды. Балабақша әдіскері Р.Кулманова сөз алып, 2020-2021 оқу жылана қорытынды жасады. Оқу жылы қыркүйек ақпан айлары аралығында, онлайн түрде өтілді. 2021 жылдың 1 наурызынан бастап 3 кезекшілік топ ашылды. Онда 6 тәрбиеші жұмыс атқарды. 1 сәуірден бастап қосымша 1 кезекшілік топ ашылды, 2 тәрбиеші жұмыс атқарды

"Қош келдің, Әз-Наурыз", "Татулық бірлік бастауы", "Желбіре жеңіс жалауы", "Қош бол, сүйікті балабақшам" атты ертеңгіліктер "Аяна", "Айару" топтарында ата-аналардың қатысуынсыз өткізілді.

2. Тыңдалды.

«Аяна», "Балдырған", "Айару" "Балапан" топтарының тәрбиешілері қорытынды индикатордың есебін өткізді. Алғашқы және аралық индикатормен салыстырғанда қорытынды индикатор жоғары нәтиже көрсетіп отыр.

3. Тыңдалды

Үшінші мәселе бойынша, жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шараларымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен, күн тәртібімен Р.Кулманова таныстырып өтті. Педагог мамандар перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды.

Перспективалық жоспарға сәйкес, балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады деп атап өтті.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыруға арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілсін.
2. Перспективалық жоспар әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: **Р.Кулманова**

Хатшы: **Ф.Алдангарова**